

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК ТРУДОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»

WORKS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"

АСТАНА, 2022
ASTANA, 2022



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"**
*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

WORKS
of the International scientific and practical conference
**"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА
28.10.2022

ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9 (5Каз)
Ж 33

Рецензенты:

Мажитов Д.М. – к.э.н., профессор НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Stanislaw Luniewski – Генеральный директор ООО "ASTWA", профессор Университета финансов и менеджмента в Белостоке, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Artur Luniewski – Член правления ООО "ASTWA" доктор философии, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Экономика и предпринимательство» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Насырова Г.А. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Финансы» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Сембиева Л.М. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Государственный аудит» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Бейсенова Р.Р. – д.биол.н., профессор, заведующая кафедрой " Управление и инжиниринг в области охраны окружающей среды " ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Мукашева А.А. – д.ю.н., профессор кафедры "Гражданское, трудовое и экологическое право" ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Муталиева Л.М. – к.э.н., ассоциированный профессор, заведующая кафедрой «Туризм» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Жагыпарова А.О. – к.э.н., ассоциированный профессор, зам.декана по научной работе экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

ISBN 978-601-337-777-3

Ж 33

«Жасыл экономикаға» көшу жағдайында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы: еуропалық одақ елдерінің тәжірибесін қолдану» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022. – 484

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие Республики Казахстан в условиях перехода к «зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза». – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022. – 484

Works of the International scientific and practical conference «Sustainable development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of transition to a "green economy": application of the experience of the countries of the European Union». – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022. – 484

ISBN 978-601-337-777-3

УДК 338 (574)
ББК 65.9 (5Каз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022 © НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022

Литература:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.adilet.kz>.
2. Количество экологических правонарушений сократилось вдвое. Источник: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/kolichestvo-ekologicheskikh-pravonarushenij-sokratilos>
3. Клетнева Е.Г. Экологическая преступность в Российской Федерации: понятие, причины, условия и предупреждение. Автореферат диссертации кандидата юридических наук. Казань, 2007.
4. Лавыгина И.В. Криминологическая характеристика личности преступников, совершающих экологические преступления в Иркутской области. Криминологический журнал ОГУЭП, №2 (20), 2012. –51-56 с.
5. Буркин Д.О. Возможные предпосылки экологического терроризма. Молодёжь в современном обществе: к социальному единству, культуре и миру: Материалы Международного форума (18-21 апреля 2018 года). Часть 1. – Ставрополь: ООО ИД ТЭСЭРА, 2018.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІҢ СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ, ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ САЯСАТ ПЕН ЗАҢНАМА

Жунусбекова А.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aigerim112@mail.ru

2016 жылдың желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 2018-2028 жылдар «Су тұрақты даму үшін» Халықаралық әрекет онжылдығы болып жарияланды [1]. Жана Онжылдық «Су өмір сүру үшін, 2005-2015» [2] Халықаралық онжылдықтың аяқталмаған ісін жалғастыруға, оны Тұрақты даму мақсаттарына жету үшін жаңа шаралармен және күшпен молайтуға, су ресурстарын кешенді басқаруға және тиімді пайдалануға, су ресурстары саласындағы жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға және алға жылжытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, резолюцияда су ресурстары, азық-түлік, энергетика және қоршаған орта арасындағы өзара байланысты ескере отырып, барлық деңгейде суды тиімді пайдалануды алға жылжытудың маңыздылығына баса назар аударылған [1]. Мұндай мақсат Қазақстан Республикасы үшін өзекті болып табылады, себебі оның аумағы арқылы ағып өтетін трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану азық-түлік қауіпсіздігімен, электр энергиясын өндірумен және қоршаған ортаны қорғаумен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасында бұл тұрғыда ортақ түсіністік қалыптасып, белсенді саясат жүргізілуде. Атап айтқанда, 2018 жылдың мамыр айында Қазақстан IX Астана экономикалық форумы аясында “Су және бейбітшілік”. Трансшекаралық су ынтымақтастығын қалай ынталандыруға болады” Панельдік сессиясын өткізді [3]. Мұнда трансшекаралық су ынтымақтастығын ынталандыру мәселелері, су ресурстарын тиімді басқару үшін халықаралық су құқығы нормаларын қолданудың жаңа формалары талқыланды. Орталық Азиядағы су ресурстарын кешенді пайдалану, Арал теңізі бассейнінің экологиялық жағдайы мәселелері ХАҚҚ құрылтайшы бес мемлекет басшыларының 2018 жылдың тамызында Түрікменбаши қаласында өткен саммитінің күн тәртібінде болды [4]. 2018 жылдың наурыз айында Астана қаласында өткен және экономика, сауда, инфрақұрылым, логистика, сондай-ақ су ресурстарын бірлесіп пайдалану мәселелері талқыланды Орталық Азия мемлекет басшыларының консультативтік кездесуі, трансшекаралық өзендердің мәселелерін шешудің жаңа мүмкіндіктері және аймақ мемлекеттерімен су саласындағы қатынастарды жұмсартуға бағыт алынғандығын айғақтайды [5].

Суды пайдаланудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету және су қорын қорғау мақсатында жер үсті суларының трансшекаралық ағынының ықтимал төмендеуімен байланысты мәселелердің өсіп келе жатқанын біле отырып, Қазақстан нормативтік-құқықтық базаны дамытуға үлкен мән береді және халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес трансшекаралық су ресурстарын басқарудағы ынтымақтастық негізін қалыптастыруда белсенді айқындамасын ұстанады. Қазақстан Біріккен Ұлттар

Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) су ресурстары саласындағы барлық табиғатты қорғау конвенцияларының қатысушысы болып табылады: 1992 жылғы Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау мен пайдалану туралы конвенция, 1992 ж. Өндірістік апаттардың трансшекаралық әсері туралы конвенция, 1991 ж. Траншекаралық контекстінде қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Эспо конвенция, 1998 ж. Ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сотқа қол жеткізу туралы Орхус конвенциясы.

2015 жылы БҰҰ-на мүше мемлекеттер 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы Күн тәртібін қабылдау арқылы су ресурстарының қазіргі қоғам өміріндегі маңызды рөлін растады. Ол тұрақты дамудың 17 жаһандық мақсатын, оның ішінде «су ресурстарының қолжетімділігін және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету» 6-мақсатын тұжырымдайды, және олардың мемлекеттермен кешенді басқарылуын, оның ішінде трансшекаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуын қарастырады. Құжатта мемлекеттердің халықаралық су ағындарын: гидроэнергетикада, ирригацияда, балық шаруашылығында, сондай-ақ оларды қорғау мен сақтауды қамтамасыз етуде кеме қатынасына емес пайдалануын халықаралық-құқықтық реттеудің қазіргі заманғы нормалары мен қағидаттарының кешенін кезең-кезеңмен дамыту қарастырылған [6].

Қазақстан сондай-ақ, БҰҰ құжатының бағдарларының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында, Мемлекет басшысының Бес әлеуметтік бастамасы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген еліміздің басымдықтары мен міндеттерімен толық сәйкес келетінін басшылыққа ала отырып Тұрақты даму мақсаттарын қолдады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев: «...Тұрақты даму мақсаттарының 80 пайызы Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламаларына біріктірілген» деп БҰҰ БА 2019 ж. 23 қарашадағы 74-ші сессиясындағы Жалпы пікірталастардағы сөзінде баса айтты [7].

Қазақстанның жаһандық деңгейде тұрақты дамуға қосқан үлесі тұрақты даму мақсаттарын ұлттандыру нысанында жүзеге асырылады. Бұл ретте, әрекет етудің негізгі нұсқасы БҰҰ-ның Күн тәртібін ілгерілету жөніндегі нұсқаулығына сәйкес тұрақты даму мақсаттарын ескере отырып, өзіндік жеке ұлттық мақсаттарды анықтау болып табылады. Тұрақты даму мақсаттары ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып және Қазақстанның басым бағыттарына назар аудара отырып, барлық деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларына интеграцияланған. Қазақстанда тұрақты даму мақсаттары имплементациясы, іске асырылуы кең ауқымды құралдар арқылы жүзеге асырылады және Қазақстандағы стратегиялық жоспарлаудың да, оның нәтижелерін бағалаудың да, жалпы әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелерінің де ажыратылмас, құрамдас бөлігі болып табылады.

Су ресурстары мен басқару жүйесін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасында және XXI ғасырдың жаһандық сын-қатерлерінің бірі судың тапшылығы аталған «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес әзірленген Қазақстанның Су ресурстарын басқарудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған [8].

Мемлекеттік бағдарламаның стратегиялық мақсаты су ресурстарын басқару тиімділігін арттыру арқылы Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Міндеттер үш негізгі бағыт бойынша анықталған: суды үнемдеу және бар су ресурстарының көлемін ұлғайту бойынша шараларды жүзеге асыру арқылы халықты, қоршаған ортаны және экономика салаларын су ресурстарымен кепілдендірілген қамтамасыз ету; су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру; су экологиялық жүйелерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Бағдарламада тұрақты даму мен елдің «жасыл экономикаға» өтуінің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, сумен қамтамасыз ету мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Яғни, қоршаған ортаны сумен қамту мәселелері халықты және экономика салаларын сумен қамтумен қатар қарастырылады. Бұл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақты және теңгерімді қамтамасыз етудің маңызды факторы. Мемлекеттік бағдарлама

Қазақстанда су тапшылығына жол бермеуге мүмкіндік беретін шаралар кешенін ұсынады. Осылайша, бағдарлама трансшекаралық өзендердің әділ су бөлінісіне қол жеткізуге бағытталған шараларды жүзеге асыруды көздейді. Бұл келіссөздер топтарын күшейту, болжамдар құру, кешенді келіссөздер стратегиясын әзірлеу, трансшекаралық су ресурстарының көлемі мен сапасын бақылау бойынша инфрақұрылым құру және трансшекаралық сулар бойынша келісімдер жасау бойынша шаралар. Ауыл шаруашылығында бағдарлама су ресурстарын ұтымды пайдалануды ынталандыру тетігін, суды басқару жүйесін, тарифтік саясат пен реттеуді жетілдіру бойынша шаралар кешенін іске қосуды қарастырады.

Су стратегиясы су Қазақстан халқының өмірі мен қызметінің негіздерінің бірі ретінде, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттің меншігі болып табылады және сөзсіз суды пайдалану мен суды қорғау мәселелерін шешу кезінде Қазақстан халқының мүдделерінің басымдығынан шығуы тиіс екендігіне негізделеді. Осыған сәйкес ұлттық су саясатының стратегиялық мақсаты ретінде Қазақстан халқы мен экономика салаларын су ресурстарына қажеттіліктерін кешілдендірілген қанағаттандыруды қамтамасыз ету, оларды пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыру болып танылады. Осыған байланысты Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасының Тұжырымдамасы әзірленді, ол 2020 жылдың қаңтарында ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді. Бағдарлама 10 негізгі бағытты қамтиды: халықаралық ынтымақтастық, құқықтық базаның жаңаруы, институционалды реформалау, су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту және қайта құру, су нарығын құру бойынша халықаралық озық тәжірибені зерделеу, су шаруашылығын басқаруды цифрландыру, «Smart Water» жобасын ендіру, су ресурстарын экологиялық оңтайлы пайдалану, қазіргі заманғы дағдылармен су саласы мамандарын даярлау және маңызды ұлттық су жобаларын іске асыру.

Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасы қосымша жер үсті су ресурстарын ұлғайту арқылы 2030 жылға қарай су балансын 100 куб км деңгейінде сақтауға бағытталған. Құжатта суармалы жерлерді 1,7-ден 3 млн га-ға дейін ұлғайту үшін жаңа су қоймалары мен суару жүйелерін салу, гидротехникалық құрылыстарды салу мен реконструкциялау, суды 5 куб км дейін үнемдеу, жер асты суларын 15 куб км дейін пайдалану қарастырылған [9].

Қазақстан Республикасының су қатынастарын реттейтін заңнамалық жүйесін: Республика ратификациялаған халықаралық шарттар; Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995); Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481-II Су кодексі; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-II Жер кодексі және Республиканың су ресурстарын реттеу саласындағы реттейтін басқа да заңдары; Заңға тәуелді актілер, іскерлік айналымның әдет-ғұрыптары құрайды.

Қазақстан Республикасының су қатынастарын реттейтін заңнама жүйесі – әртүрлі заңдық күші бар сулар туралы өзара байланысты нормативтік құқықтық актілердің жиынтығынан тұратын және құқықтық реттеу пәні ретінде құқықтық нормалар жүйесі мен су қатынастары құрылымының ішкі бірлігін көрсететін көп деңгейлі құрылым болып табылады. Су қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер иерархиясында жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстары мемлекет меншігінде (6 б. 3 т.) болатынын бекітетін Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995) жоғары заңды күшке ие [10].

Қазақстан Республикасының су ресурстары саласындағы міндеттемелерін орындаудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Су кодексі (2003) (бұдан әрі – ҚР СК) болып табылады, онда су бойынша ұлттық мәселелерінің нормативтік реттелуінен басқа трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау саласындағы негізгі бағыттар, принциптер, халықаралық ынтымақтастық механизмі көрсетілген. ҚР СК 11, 15 баптарына сәйкес трансшекаралық сулар жер үсті, жер асты, теңіз суларымен бірге су объектілерінің дербес түрлері ретінде бөлініп шығарылады және оларды пайдалану мен қорғау тәртібі ҚР СК-мен (2003), Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы заңнамасымен және

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен (ҚР СК 15 б.) анықталады. Сондай-ақ, су қатынастарының заңнамалық базасының иерархиясын анықтайтын ҚР СК-нің «Су заңнамасы» 2 бабында, олардың ұлттық заңнаманың ережелеріне қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың басымдығы туралы норма енгізілген.

Қазақстан Республикасы трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы өз саясатында келесі принциптерді басшылыққа алады:

1) экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық табиғат қорғау ынтымақтастығын дамыту;

2) халықаралық су құқығының жалпыға танылған принциптері мен нормаларын ескере отырып, трансшекаралық ағын судың барлық елдерінің су ресурстарын әділ, орынды және өзара тиімді пайдалану құқығын қамтамасыз ету;

3) су ресурстарын болашақ ұрпақтардың қажеттіліктеріне зиян келтірмейтіндей қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды ескере отырып басқару;

4) адамның экологиялық құқықтарының, мүдделерінің және трансшекаралық өзендер бассейндерінің су шаруашылығы жүйелерінің экономикалық даму қажеттіліктерінің теңгерімін сақтау;

5) трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау проблемаларын шешу кезінде өзара көмек көрсету және даулы мәселелерді бейбіт түрде реттеу;

6) трансшекаралық сулардың жай-күйіне ықтимал трансшекаралық әсер етудің алдын алу бойынша сақтық шараларын қамтамасыз ету;

7) халықаралық жауапкершілік және трансшекаралық әсер етуден туындаған залалды өтеу (ҚР СК 142 б.) [11].

Қазіргі уақытта жаһандану процестері, Қазақстан Республикасы экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстарға біріктірілуі, нарықтық қатынастардың дамуы ұлттық заңнаманың нормалары және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық-құқықтық актілерге негізделген су және экологиялық қатынастарды реттеуге икемді тәсілдің қажеттілігін алдын-ала анықтап отыр. Халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтың арақатынасы туралы мәселеде, заң ғылымы мен практикасыбойынша, біріншіден, халықаралық және ішкі мемлекеттік құқық өзара байланысты құқықтық жүйелер болса да тәуелсіз, екіншіден, халықаралық және ішкі мемлекеттік құқық бір-біріне өзара әсер етуді жүзеге асыру арқылы тұрақты өзара әрекеттеседі, жанасады. Халықаралық және ішкі мемлекеттік құқық нормаларын құқықтық реттеу объектісінің жанасуы не сәйкес келген жағдайда, халықаралық құқық нормалары басымдыққа ие болады.

Халықаралық су құқығы нормаларының Қазақстан Республикасының су заңнамасына әсері, ең алдымен, халықаралық өзендердің пайдаланылуын реттейтін халықаралық шарттардың кейбір ережелерінің тиісті ұлттық заңдарда тікелей шығарылуынан көрінеді. Мысалы, 1992 ж. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция [13] трансшекаралық суларға екі немесе одан да көп мемлекеттер арасындағы шекараларды белгілейтін, қиып өтетін немесе осындай шекараларда орналасқан кез келген жер үсті немесе жер асты суларын жатқызады. Бұл ереже Қазақстан Республикасының 2003 жылғы ҚР СК-мен толығымен қабылданды, оның 15-бабы: «Трансшекаралық сулар – бұл ҚР Мемлекеттік шекарасын белгілейтін және (немесе) қиып өтетін жер үсті және жер асты сулар болып табылады» делінген [12].

1992 ж. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенция сонымен қатар трансшекаралық су ағындарын пайдалану қоршаған орта жағдайының нашарлауына әкелмеуін талап етеді (2 б. 7т.). Бұл ереже халықтың өмір сүру жағдайларын және қоршаған ортаны сақтау және жақсарту үшін су объектілерін пайдалану мен қорғаудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және сақтауды жариялайтын ҚР СК нормаларында нақтыланған (ҚР СК 3 б.) [11].

Тараптарды экологиялық қолайлы және ұтымды су ресурстарын басқару, су ресурстарын сақтау және қоршаған ортаны қорғау шеңберінде трансшекаралық суларды пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттейтін, 1992 жылғы 17 наурыздағы Трансшекаралық су ағындарын және халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның тағы бір ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақстандық жағдайларға қарай айқындалған және нақтыланған. Осы нормаға сүйене отырып, ҚР СК су объектілерін пайдалану тәртібін жете реттейді және әр түрлі мақсаттарға қатысты суды пайдаланудың нақты талаптарын белгілейді, осы мәселелерге жеке бөлім бөледі (ҚР СК 6-бөлімі; 90-111 б.) және «трансшекаралық суларды экологиялық негізделген және ұтымды басқару, қоршаған ортаны сақтау және қорғау негізінде пайдалануды» қарастырады (ҚР СК 143 б.) [11].

Жаңа Экологиялық кодекс (2021) (бұдан әрі – ҚР ЭК) [13] су ресурстарын пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды бекітті және кеңейтті және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың Кодекс ережелерінен басымдығын бекітеді (ҚР ЭК 2 б. 3 т.).

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының экологиялық негізі халықаралық ынтымақтастықпен қатар экологиялық заңнаманы халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларына сәйкестендіру және халықаралық экологиялық құқықты дамытуға жәрдемдесу болып табылады (ҚР ЭК 4 б. 2 т.).

ЭК-ке (2021) енгізілген негізгі жаңалықтардың бірі – «ластаушы төлейді және түзейді» қағидасы. Ластаушы төлейді қағидасын енгізу қоршаған ортаға келтірілген зиянның алдын алуды немесе келтірілген экологиялық зиянды жоюды білдіреді. Бұл мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл төлеуден гөрі, қоршаған ортаға теріс әсерін болдырмау үшін барлық шараларды қабылдауы тиіс жағдай жасауы керек дегенді білдіреді. Ал қоршаған ортаға зақым келген жағдайда табиғи ресурстарды пайдаланушы қоршаған ортаны бастапқы күйіне қайта қалпына келтіруге міндетті.

Жоғарыда аталған конституциялық ережелерді дамыту кезінде (2021) ҚР ЭК де [13] экологиялық қатынастарды реттеу үшін халықаралық-құқықтық актілердің нормаларын қолдану мүмкіндігін қарастырады. Осылайша, Кодекстің 2-бабының 2-тармағында егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда ҚР ЭК өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады деп айқындалған.

Осыдан, Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау және халықаралық өзендердің суларын пайдалану саласындағы қатынастар ұлттық заңнаманың және халықаралық-құқықтық актілер нормаларымен реттеледі, ал Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын нормалар ұлттық заңнама нормаларына қарағанда басымдыққа ие болады және олар халықаралық шарттан оның қолданылуы үшін заң шығарылуы талап етілетін жағдайларды қоспағанда тікелей қолданылады.

Ұлттық заңнама халықаралық құқық нормалары әсерінен өзгереді, сонымен бірге ұлттық заңнама халықаралық құқықтың мазмұны мен дамуына белгілі бір әсер етеді. Бұл мемлекет саясат пен дипломатия арқылы халықаралық шарттарда ішкі нормативтік құқықтық актілерде бекітілген қағидалар мен ережелерді білдіруге және бекітуге және сол арқылы халықаралық құқықтың нормаларын қалыптастыруға мүмкіндік алған кезде болады. Осылайша, мысалы, трансшекаралық су объектілерін пайдалану мен қорғау, су ресурстарын ластанудан қорғау саясатында Қазақстан экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қазіргі және болашақ ұрпақ мүдделері үшін халықаралық табиғатты қорғау ынтымақтастығын дамыту қажеттілігінен шығады. Бұл тәсіл ҚР СК бекітілген (11 бөлім) [11]. Қазақстанның трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау мәселелеріне бұл тәсілі осы салада жасасқан халықаралық шарттарда да жүзеге асырылады. Мәселен, мысалы, Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісім жасалған (7.09.2010 ж.) [14].

Ішкі мемлекеттік құқық халықаралық құқыққа екі жақты әсер етеді (материалдық және процессуалдық) [15]. Материалдық әсер ету арқылы ұлттық заңнаманың ережелері халықаралық құқықтың мәні мен мазмұнына, сондай-ақ оның құрылымына жалпы және оның әр түрлі құрамдас бөліктеріне: институттар мен салаларына әсер етеді және халықаралық шарттар мен келісімдерде бекітіледі. Процессуалдық ықпал ішкі мемлекеттік құқықтың халықаралық құқық нормаларын құру және жүзеге асыру процесіне әсері арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық құқық нормаларының жүйесі ел ішінде де, одан тыс жерлерде де жүргізілетін ішкі мемлекеттік қатынастар мен мемлекет саясатына делдалдық етеді. Осылайша, ішкі мемлекеттік құқық халықаралық шарттар мен келісімдер нормаларының мәні мен мазмұнына ғана әсер етіп қана қоймай, белгілі бір дәрежеде оларды қабылдау, жасау және орындау тәртібін анықтайды. Бұл сондай-ақ халықаралық су ағындарын пайдалануды реттейтін халықаралық актілердің нормалары мен ұлттық заңнаманың нормалары арақатынасы үшін де әділ.

Осылайша, халықаралық су ағындары құқығының нормалары мен су ресурстарын пайдалану мәселелерін реттейтін қазақстандық заңнаманың нормалары бір-бірімен үнемі өзара әрекеттеседі және бір-біріне белгілі бір әсер етеді деген қорытынды жасауға болады. Бұл өзара әсер келесі формаларда көрінеді:– халықаралық су ағындары құқығының нормалары тікелей қазақстандық заңнамаға енгізіледі;– халықаралық су ағындары құқығының нормалары ұлттық заңнамамен нақтыланады және егжей-тегжейленеді. Сонымен қатар, халықаралық-құқықтық норманың мазмұны өзгертілуге жатпайды, өйткені бұл халықаралық құқықты бұзуға алып келеді [16]; – халықаралық су ағындарын пайдалануды реттейтін ұлттық заңнаманың нормалары халықаралық шарттар мен келісімдерде бекітіледі;– ұлттық заңнама нормалары мемлекеттің саясаты мен дипломатиялық қызметі арқылы халықаралық су ағындары құқығының нормаларын әзірлеу және қабылдау процесіне әсер етеді.

Әдебиеттер:

1. Международное десятилетие действий «Вода для устойчивого развития», 2018-2028 годы: резолюция ГА ООН от 21 декабря 2016 года, №71/222 // <http://www.cawater-info.net/library/rus> 29.09.2022.
2. Международное десятилетие действий «Вода для жизни», 2005-2015 годы // <https://www.un.org/ru/waterforlifedecade/transboundary> 28.09.2022.
3. Трансграничное водное сотрудничество обсудили на Астанинском экономическом форуме от 22 мая 2018 // <https://careesco.org/main> 28.09.2022.
4. Саммит глав государств-учредителей Международного Фонда спасения Арала // <http://www.cawater-info.net/library/rus/ifas/summit-ifas-2018>. 28.09.2022
5. Тоқтамұрат Қ. Орталық Азия мемлекеттерін ортақ мүдде тоғыстырады // Егемен Қазақстан. – 2018. – №52 (29283). – 1-2 б.
6. Преобразование нашего мира: повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года: утв. рез. ГА ООН 25.09.2015 г., №A/70/L.1 // https://unctad.org/system/files/official-document/ares70d1_ru.pdf 29.09.2022.
7. Выступление Президента Республики Казахстан К.-Ж.Токаева на общих дебатах 74-й сессии ГА ООН // https://www.akorda.kz/ru/speeches/external_political_affairs/ext 29.09.2022.
8. ҚРПрезидентінің Жарлығы. Қазақстанның 2014-2020 жылдарға арналған су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасы: 04.04.2014 ж., №786 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000786> 29.09.2019.
9. Үкімет ҚР Су ресурстарын басқару жөніндегі 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасын бекітті. 28.01.2020 // <https://primeminister.kz/kz/news/pravitel-stvoitverdilo-konceptsiu> 10.10.2022.
10. Мукашева А.А. Система водного законодательства: состояние и перспективы // Вестник ИЗ РК. – 2013. – №(31). – С.42-47.
11. Қазақстан Республикасының Су Кодексі: 2003 жылдың 9 шілдесі, №481 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481> 10.10.2022.

12. Конвенция ООН о праве несудоходных видов использования международных водотоков: утв. резолюцией ГА ООН 21.05.1997 г., №51/229 // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercrs.shtml 15.10.2022.

13. Қазақстан Республикасының Экология Кодексі. 2.01.2021 ж., №400-VI // <https://online.zakon.kz/document> 15.10.2022.

14. Соглашение РК с РФ «О совместном использовании и охране трансграничных водных объектов» от 7 сентября 2010 года // http://www.cawater-info.net/library/int_water 15.10.2022.

15. Некотенева М.В. Соотношение международно-правовых норм и положений национального законодательства, регулирующих использование международных рек // Актуальные проблемы российского права. – 2007. – №2(5). – 489-496 с.

16. Гвердовский А.С. Имплементация норм международного права. Киев. 1980. – 320 с.

ЭКОЛОГИЗАЦИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН О ВОЗОБНОВЛЯЕМЫХ ИСТОЧНИКАХ ЭНЕРГИИ: НОВЫЕ ВЫЗОВЫ НА ПУТИ К ДЕКАРБОНИЗАЦИИ

Бакунькин А.Н.

Аспирант

Институт законодательства и сравнительного правоведения

при Правительстве Российской Федерации, г. Москва,

Российская Федерация

E-mail: art.connel@mail.ru

Основы природоохранного законодательства республики Казахстан заложены в Конституции Республики Казахстан. В частности, статья 31 определяет, что государство ставит целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека. Статья 38 Конституции Республики Казахстан налагает на граждан обязанность по сохранению природы и бережному отношению к природным богатствам.

Под влиянием современных глобальных экологических проблем, таких как истощение ископаемых природных ресурсов, рост объемов выбросов парниковых газов в атмосферу, изменение климата, все более актуальной становится необходимость развития и широкого применения возобновляемых источников энергии как неисчерпаемых и экологически благоприятных при выработке энергии.

Проблема перехода к «зеленой» экономике в целом и увеличения доли возобновляемых источников энергии в производстве энергии в частности является весьма актуальной для Республики Казахстан. Вот уже на протяжении многих десятков лет Казахстан входит в число двадцати наиболее крупных государств-эмитентов парниковых газов. На энергетический сектор по состоянию на 2020 год приходится порядка 75 процентов от общего объема выбросов парниковых газов.

Профессор Е.Н. Новикова, исследуя вопросы правового регулирования охраны окружающей среды в контексте осуществления энергетического перехода, относит возобновляемые источники энергии к компонентам «зеленой» энергетики, наряду с торговлей квотами на эмиссию парниковых газов, энергоэффективностью и ресурсосбережением, зеленым финансированием, зеленым транспортом [1]. Отмечается, что переход к низкоуглеродной энергетике является основным этапом построения «зеленой» экономики [2].

Под влиянием изменения климата в 2009 году Казахстан ратифицировал Киотский Протокол с принятием обязательств по сокращению антропогенных выбросов парниковых газов, ежегодной разработке и предоставлению в Секретариат ООН Национального доклада о кадастре выбросов парниковых газов. Предусмотрена разработка планов и программ, направленных на проведение мероприятий по сокращению выбросов парниковых газов.

В 2016 году Казахстаном ратифицировано Парижское соглашение по климату, положившее начало новому этапу декарбонизации и направленное на переход стран-участниц